

"Жинақтаушы зейнетақы қорларын қайта ұйымдастыру тәртібі туралы нұсқаулықты" бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитеті төрағасының 2000 жылғы 7 қыркүйектегі N 100-ө бұйрығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 13 қазан N 1265 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2009 жылғы 28 тамыздағы N 199 Қаулысымен.

Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2009.08.28 N 199 Қаулысымен.

Ескерту: Бұйрықтың атауына өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 15 наурыздағы N 70 қаулысымен .

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 желтоқсандағы N 328-1 , 1999 жылғы 5 сәуірдегі N 364 -1 және 1999 жылғы 16 қарашадағы N 482-1 Заңдарымен "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Заңға өзгерістер мен толықтыруларға, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға (жалпы бөлім) және Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі N 281-1 "Акционерлік қоғамдар туралы" Заңының қабылдануына байланысты бұйырамын:

1. Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1997 жылғы 3 қарашадағы N 16-Ө (мемлекеттік тіркеуі 1997 жылғы 24 желтоқсанда N 422) бұйрығымен бекітілген " Мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларын қайта ұйымдастыру мен тарату туралы ереже" күшін жойды деп танылсын.

2. Қоса беріліп отырған "Жинақтаушы зейнетақы қорларын қайта ұйымдастыру тәртібі туралы нұсқаулық" бекітілсін.

Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 15 наурыздағы N 70 қаулысымен .

3. Заң бөлімі (Қамали Қ.Қ.) осы бұйрықпен бекітілген "Жинақтаушы зейнетақы қорларын қайта ұйымдастыру тәртібі туралы нұсқаулықты" белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген өткізсін.

Ескерту: 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 15 наурыздағы N 70 қаулысымен .

Төраға

" Б е к і т і л д і "

Қазақстан Республикасының Еңбек және
халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
Жинақтаушы зейнетақы қорларының
қызметін реттеу жөніндегі комитетінің
2000 жылғы 7 қыркүйектегі
N 100-Ө бұйрығымен

**Жинақтаушы зейнетақы қорларын
қайта ұйымдастырудың тәртібі туралы
нұсқаулық**

Ескерту: Нұсқаулықтың атауына өзгерту енгізілді, мәтіні бойынша " Комитетті", "Комитет", "Комитеттің" деген сөздер тиісінше "уәкілетті органды", "уәкілетті орган", "уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 15 наурыздағы N 70 қаулысымен .

1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық "Қазақстан Республикасында зейнетақымен камсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына , басқа да заңдар мен нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді және қайта ұйымдастыруға рұқсат берудің жинақтаушы зейнетақы қорының (бұдан әрі - Қор) тәртібін б е л г і л е й д і .

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 15 наурыздағы N 70 қаулысымен .

2. Қорды қайта ұйымдастыру біріктіру, қосу, бөлу, бөліп шығару, Қорды корпоративтіктен ашық түрге өзгерту нысанында жүзеге асырылуы мүмкін.

3 . < * >

Ескерту: 3-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 15 наурыздағы N 70 қаулысымен .

2. Қорды қайта ұйымдастыру

4. Қорды қайта ұйымдастыру оның акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі негізінде жинақтаушы зейнетақы қорларының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың, банк-кастодиандардың , сақтандыру ұйымдарының (бұдан әрі - уәкілетті орган) қызметін реттеу мен

қадағалау жөніндегі функцияларды және өкілеттіктерді жүзеге асыратын мемлекеттік органды, оны беру тәртібі мен шарттары осы Нұсқаулықпен реттелетін рұқсатымен жүзеге асырылады.

Қордың Акционерлері қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдау рәсімін қолданылып жүрген заңдарға және Қордың Жарғысына сәйкес жүзеге асырады.

Ескерту: 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 15 наурыздағы N 70 қаулысымен .

5. Қорды қайта ұйымдастыруға рұқсат беру туралы, оған Қор акционерлерінің жалпы жиналысымен уәкілеттік берілген тұлғаның қолы қойылған өтінімге мыналар қоса берілуі тиіс:

акционерлердің жалпы жиналысы шешімінің бірінші басшының қолымен расталған және Қордың мөрімен бекітілген;

акционерлердің жалпы жиналысының шешімі Нұсқаулықтың талаптарына сай келетін, акционерлердің жалпы жиналысы бекіткен қайта ұйымдастыру ж о б а с ы ;

өз қаражаттары мен зейнетақы активтері бойынша қайта ұйымдастырудың салдарына жасалған, осы Нұсқаулықтың талаптарына сай келетін және акционерлердің жалпы жиналысы бекіткен қаржылық болжам;

Қордың және Қорды қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған заңды тұлғалардың есептік теңгерімі.

6. Қор акционерлері жалпы жиналысының шешімінде қайта ұйымдастырылу себебі, оның нысаны, Қордың зейнетақы активтері мен өз қаражаттары туралы мәселенің шешімі болуы тиіс.

7. Қайта ұйымдастырылу жобасында:

зейнетақы активтері мен өз қаражаттарына қатысты іс-әрекеттердің тәртібін сипаттауды қоса алғанда, қайта ұйымдастыруды жүргізу жөніндегі шаралар ж о с п а р ы ;

қайта ұйымдастыруға байланысты шараларды аяқтаудың болжамды мерзімі;

Қордың қайта ұйымдастырылуы туралы оның салымшылары мен алушыларын хабарландыру тәртібі;

Қордың қарауы бойынша, қайта ұйымдастырудың ерекшеліктерін көрсететін өзге де ақпараттар болуы тиіс.

8. Қайта ұйымдастырудың салдарына жасалған қаржылық болжамда мынадай мәліметтер болуы тиіс:

табыстылыққа болжам (қаржылық құралдар бойынша қайтарым);
өз қаражаттары бойынша қаржылық есептердің негізінде жасалған

салыстырмалы көрсеткіштерге талдау;
жинақталған зейнетақы қаражаттары бойынша болжам;
өз қаражаттары бойынша болжам.

9. Қорды қайта ұйымдастыруға рұқсат беру туралы өтінімді уәкілетті орган құжаттардың толық пакетін алған күннен бастап бір айдың ішінде қарауға тиісті.

10. Уәкілетті орган алынған құжаттарды талдаудың нәтижесі бойынша осы Нұсқаулықта белгіленген мерзімде Қорды қайта ұйымдастыруды жүргізуге рұқсат беру немесе одан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

11. "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабында көзделген негіздер болғанда Қорды қайта ұйымдастыруды жүргізуге рұқсат беруден бас тарту болуы мүмкін.

12. Қайта ұйымдастыруды жүргізуге рұқсат беруден бас тарту туралы уәкілетті органның шешіміне Қор заңда белгіленген тәртіппен шағым жасай алады.

13. Қайта ұйымдастырылатын Қор уәкілетті органнан қайта ұйымдастыруды жүргізуге рұқсат алған күннен бастап екі апта ішінде өзінің салымшылары мен алушыларын тікелей жазбаша хабарлау және кемінде екі республикалық газетте хабарландыру жариялау жолымен алда болатын өзгерістер туралы ақпараттандыруға міндетті.

14. Салымшылар мен алушыларға жасалған хабарламада мынадай ақпараттар б о л у ы т и і с :

Қорды қайта ұйымдастыру туралы оның акционерлерінің жалпы жиналысы ш е ш і м қ а б ы л д а ғ а н кү н ;

Қорды қайта ұйымдастыруға келісім беру туралы уәкілетті органның ш е ш і м і н і ң кү н і м е н н ө м і р і ;

Қорды қайта ұйымдастырудың себептері мен нысаны туралы мәліметтер;

Қорды (Қорларды) қайта ұйымдастырудың нәтижесінде пайда болған акционерлердің құрамы туралы мәліметтер;

қайта ұйымдастырылатын Қордың өз қаражаттарына қатысты қабылданған ш е ш і м т у р а л ы м ә л і м е т т е р ;

қайта ұйымдастыруды жүргізуге уәкілетті органның келісімін алған сәттегі зейнетақы активтерінің табыстылығы туралы мәліметтер;

қайта ұйымдастырылған Қор мемлекеттік бас лицензияны алғанға дейін зейнетақы жарналарын аудару тәртібі туралы мәліметтер.

Қорды қайта ұйымдастыру туралы жазбаша хабарландырумен бірге салымшы-алушы толтыруға және қол қоюға, белгіленген мерзімде Қорға қайтаруға тиісті болатын, оның жинақталған зейнетақы қаражатын басқа Қорға аудару (оны бұрын жұмыс істегенде қалдыру) туралы өтініштің бланкісі қоса жіберілуі тиіс.

15. Қайта ұйымдастырылатын Қор салымшының-алушының өзінің жинақталған зейнетақы қаражатын басқа Қорға ауыстыру туралы өтінішін оған қайта ұйымдастырылу туралы жазбаша хабарландыру жіберілген сәттен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде алмаған жағдайда, қайта ұйымдастырылатын Қор, мұндай салымшының-алушының жинақталған зейнетақы қаражатына қатысты құқық қабылдауды мыналарды басшылыққа ала отырып, өздігінен белгілейді:

1) Қорлар біріктірілген кезде - жинақталған зейнетақы қаражаттары уәкілетті орган бекіткен өткізу актісіне сәйкес жаңадан құрылған Қорға жинақталады;

2) бір Қорды екіншісіне қосқан кезде - жинақталған зейнетақы қаражаттары уәкілетті орган бекіткен өткізу актісіне сәйкес қосушы Қорға беріледі;

3) Қорлар бөлінген кезде - жинақталған зейнетақы қаражаттары уәкілетті орган бекіткен өткізу актісіне сәйкес жаңадан пайда болған жинақтаушы зейнетақы қорына беріледі;

4) бір Қор екіншісінен бөлініп шыққан кезде - жинақталған зейнетақы қаражаттары салымшымен-алушымен бұрын зейнетақы шарты жасасылған Қорда қалады;

5) Қордың түрі корпоративтіктен ашық болып өзгертілген кезде - жинақталған зейнетақы қаражаттары жаңадан құрылған Қорға жинақталады.

16. Қорларды қайта ұйымдастыру нәтижесінде пайда болған жаңа заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жүргізіледі.

17. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің органы заңды тұлғалардың мемлекеттік тізіліміне тиісті жазба енгізген сәттен бастап қосу нысанында қайта ұйымдастыру аяқталған болып саналады.

3. Қорды тарату

Ескерту: 3-тарау (18-26 тармақтар) алынып тасталды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 15 наурыздағы N 70 қаулысымен .

4. Тарату комиссиясы

Ескерту: 4-тарау (27-32 тармақтар) алынып тасталды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 15 наурыздағы N 70 қаулысымен .

5. Таратылатын Қордың активтеріне иелік ету

Ескерту: 5-тарау (33-тармақ) алынып тасталды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 15 наурыздағы N 70 қаулысымен .

6. Қорытынды ережелер

34. Осы Нұсқаулықпен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарының нормаларына сәйкес шешілуге жатады.

Төраға

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК